



**«Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері»
республикалық байқауының қалалық кезеңін өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері арасында «Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері» республикалық байқауының қалалық кезеңінің (бұдан әрі – Байқау) мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. Байқау Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК (бұдан әрі – Орталық) 2023 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1. **Мақсаты:** заманауи жағдайда әдіскерлердің кәсіби шеберлігін анықтау, жалпылау және тарату.

2.2. Міндеттері:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын тиімді іске асыруды қамтамасыз ету;
- әдіскердің мәртебесін арттыру және оң әлеуметтік және кәсіби имиджін қалыптастыру;
- балаларды тәрбиелеу және оқыту процесін әдістемелік сүйемелдеу;
- ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның қызметіне қосу;
- инновациялық технологияларды қолдану.

3. Байқауды ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

3.1. Байқауды ұйымдастырушылар – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК

3.2. Байқауға мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері қатыса алады (әдіскер ретіндегі жұмыс өтілі кемінде 3 жыл).

3.3. Байқау екі кезеңде өткізіледі:

I кезең – қалалық деңгей (*ағымдағы жылдың тамыз айында*);

II кезең – республикалық деңгей (*ағымдағы жылдың қыркүйек айында*).

3.4. Педагогтердің құжаттарын (материалдарын) бағалау үшін қалалық Әдістемелік орталық басшысының бұйрығымен қалалық (құрамы кемінде 9 адам) комиссия құрылады.

3.5. Қалалық комиссия білім басқармасының, әдістемелік орталықтың қызметкерлерінен, педагог-зерттеушілер, педагог-шеберлер, педагогикалық

шеберліктің кәсіби байқауларының жеңімпаздары, балабақша меңгерушілері, сондай-ақ білім беру саласындағы үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатарынан қалыптастырылады.

3.6. Қалалық комиссия қатысушылардың материалдарын зерделейді және бағалайды.

3.7. Байқаудың қалалық кезеңіне қатысу үшін осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша белсенді сілтемені көрсете отырып өтінім электрондық форматта келесі құжаттармен (материалдар) қоса беріледі:

1) қатысушының өтінімі (осы Ереженің 1-қосымшасы);

2) материалдарды қарау үшін қатысушының өтінімінде (осы Ережеге 1-қосымша) белсенді сілтеме көрсетілген, **әдіскердің электрондық портфолиосы** (осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес **әдіскер портфолиосының құрылымы**);

3) әдістемелік жұмысты ұйымдастыру фрагменттері бар **бейнеролик** (осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес ұзақтығы 5 (бес) минутқа дейін бейнероликке қойылатын талаптар мен техникалық шарттарға сай):

- педагогтермен (семинар, дөңгелек үстелдер, әдістемелік кеңестер, конференциялар);

- ата-аналармен (ата-аналармен жұмыстың заманауи түрлерін ұйымдастыру бойынша тренингтер, ата-аналар дәстүрлері, «Аналарға арналған мектеп», «Әжелер мектебі», «Ата-аналарға арналған мектеп»);

- инновациялық технологияларды енгізу бойынша.

5) «Заманауи мектепке дейінгі ұйымның әдіскері» тақырыбында 500 (бес жүз) сөзден аспайтын **эссе**.

3.8. Байқаудың республикалық кезеңіне, қалалық кезеңнің 1 және 2 орын жүлдегерлері жіберіледі (**3 жеңімпаздан артық емес**).

Байқау нәтижелері осы Ереженің 4-қосымшасында орналастырылған қатысушылардың жұмысын бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштеріне сәйкес балдық жүйе бойынша бағаланады.

4. Байқауға қатысушыға қойылатын талаптар:

4.1. Қалалық және республикалық кезеңнің жеңімпаздары келесі бес жыл ішінде байқауға қатыспайды.

4.2. Материалды ұсына отырып, қатысушы:

- жеке деректерін пайдалануға және материалдарды сайтта, баспа басылымдарында, Интернет-БАҚ-та және басқа бұқаралық ақпарат көздерінде орналастыруға;

- материалдарды тегін пайдалануға, көпшілік алдында таратуға, интернет желісіне орналастыруға, шығармашылық жобаларға қосуға, БАҚ-та жариялауға, өңдеуге келісімін береді.

4.3. Жіберілген материал рецензияланбайды және қайтарылмайды.

5. Материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптар

5.1. Материалдар «Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері» байқауының атауымен **modern_do@mail.ru** электрондық поштасына **2023 жылдың «2» қыркүйектен кешіктірмей** жіберілуі тиіс.

5.2. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қабылданбайды және

тіркелмейді.

6. Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау

5.1. «Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері» қалалық байқауының қорытындысы бойынша келесі жүлделі орындар белгіленді:

- Гран-при;
- I орын;
- II орын;
- III орын.

Номинациялар:

- «Іскер әдіскер»;
- «Жаңашыл әдіскер»;
- «Көшбасшы әдіскер».

6.2. Байқаудың қалалық кезеңінің жеңімпаздары Орталықтың дипломдарымен және сыйлықтарымен марапатталады.

6.3. Байқауға ұсынылған жеңімпаздардың материалдары Өдістемелік орталықтың <https://astana-modern.edu.kz/> сайтында және әлеуметтік желілерінде жарияланатын болады.

**«Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері»
республикалық байқауының қалалық кезеңіне қатысуға
ӨТІНІМ**

Мені байқауға қатысуға жіберуіңізді сұраймын.
Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

1.	Жұмыс орны	
2.	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	
3.	Педагогикалық өтілі	
4.	Лауазымдағы жұмыс өтілі	
5.	Білімі (қай оқу орнын, факультетті, қай жылы бітірді)	
6.	Біліктілік санаты	
7.	Байланыс телефоны (үй, ұялы), электрондық пошта	
8.	Электрондық портфолио материалдарын қарау үшін интернет-ресурстың белсенді сілтемесі	
9.	Бағыттар бойынша әдістемелік жұмысты ұйымдастыру фрагменттері бар ролик орналастырылған YouTube платформасындағы сілтемесі	

«Әдіскердің электрондық портфолиосы»

Байқауға қатысушы материалдарды қарау үшін қатысушының өтінімінде (осы Ережеге 1-қосымша) белсенді сілтеме ұсынуы тиіс.

Е-портфолио келесілерді қамтиды:

1. Әдіскер туралы жалпы мәліметтер.

- тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), міндетті түрде 3x4 көлемінде фотосурет салынған;

- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

- еңбек өтілі;

- білімі (білімін растайтын құжаттардың көшірмелері);

- біліктілікті арттыру (сертификаттар мен куәліктердің соңғы 5 (бес) жылдан аспайтын көшірмелері);

- наградалары (грамоталардың, мақтау қағаздарының, алғыс хаттардың, төсбелгілер куәліктерінің, үкіметтік және мемлекеттік наградалардың көшірмелері).

2. Педагогикалық қызмет мониторингі:

- білім беру ұйымының басшысы растаған мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің соңғы 3 (үш) жылдағы білім беру жетістіктері мониторингінің нәтижелері (болған жағдайда).

3. Ғылыми-педагогикалық қызмет бойынша ақпарат:

- педагогикалық тәжірибені жинақтау (авторлық бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендер, оларға хаттамалардың үзінділері (болған жағдайда), педагог қатысқан семинарлар, конкурстар, дөңгелек үстелдер, фестивальдар, озық педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату);

- білім беру және педагогикалық жобаларды іске асыру бойынша материалдар (бар болса);

- соңғы 3 (үш) жыл ішінде (ақпаратты, консультацияларды web (веб)-ресурстарда және әлеуметтік желілерде тұрақты орналастыру – ақпараттық жүйеде растайтын құжаттарды (материалдарды), сілтемелерді бекіту).

**Қатысушылардың «Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері»
байқауына жіберген ұсынылған бағыттар бойынша әдістемелік жұмысты
ұйымдастыру фрагменттері бар бейнероликке қойылатын талаптар мен
техникалық шарттары**

1. Байқауға әдіскер жұмысының фрагменттері бар Ереженің талаптарына сәйкес келетін ролик ұсынылады:

- педагогтармен (семинарлар, дөңгелек үстелдер, әдістемелік кеңестер, конференциялар) ,

- ата-аналармен (ата-аналармен жұмыстың заманауи түрлерін ұйымдастыру бойынша тренингтер, ата-аналар жиналыстары, «Аналарға арналған мектеп», «Әжелер мектебі», «Ата-аналарға арналған мектеп» және т. б.);

- инновациялық технологияларды қолдану және енгізу бойынша.

2. Ең төменгі ажыратымдылық-720 x 480 (12:8 см).

3. Бейнероликтің ұзақтығы – 5 (бес) минут.

4. Ұсынылған бағыттар бойынша әдістемелік жұмысты ұйымдастыру фрагменттері бар ролик Youtube бейнеплатформасына жүктеледі, өтінімде сілтеме орналастырылады.

5. Бейнеролик – байқауға қатысушының кәсіби құзыреттілігін көрнекі көрсету. Педагогикалық процесті әдістемелік сүйемелдеуді ұйымдастырудағы байқауға қатысушының практикалық тәжірибесі әдіскер өткізетін іс-шараның үзіндісі көрнекі көрсетілуі керек.

6. Сақталуы тиіс, бейнероликке қойылатын жалпы талаптар:

- басқа байқауларға қатысқан, бұрын жарияланған бейнематериалдар жіберілмейді;

- әдіскер ұсынатын бейнематериал мектепке дейінгі білім беру ұйымының қолдауымен немесе бірлесіп жасалуы мүмкін.

**«Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері»
байқауына қатысушылардың жұмысын бағалау
критерийлері мен көрсеткіштері (5 балл)**

№	Критерийлер	№	Көрсеткіштер
1	Қатысушының кәсіби шеберлігі мен жетістіктерін бағалау	1.1	Соңғы 3 (үш) жылда халықаралық /республикалық/ облыстық кәсіби шеберлік байқауларының дипломдарының болуы
		1.2	Оқу-әдістемелік кеңес (республикалық/ облыстық, қалалық және республикалық маңызы бар қалалар мен астана) бекіткен авторлық бағдарламаларды, оқу-әдістемелік кешендерді, әдістемелік материалдарды (соңғы 3 жылда) әзірлеу және енгізу
		1.3	Білім беру және тәрбие саласында халықаралық/республикалық/облыстық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында немесе республикалық/облыстық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдары бар
		1.4	Мемлекеттік/ ведомстволық/ облыстық және Республикалық маңызы бар қалалардың және астананың наградалары мен көтермелеулерінің болуы
		1.5	Республикалық/ облыстық және Республикалық маңызы бар қалалар мен астана деңгейлерінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын іске асыру жөніндегі семинарларда, конференцияларда сөз сөйлеу
		1.6	Республикалық / облыстық және Республикалық маңызы бар қалалар мен астана деңгейлерінде балаларды тәрбиелеу мен оқыту процесін әдістемелік сүйемелдеу бойынша семинарлар, мастер-класстар, конференциялар ұйымдастыру және өткізу
		1.7	Ата-аналармен жұмыстың қазіргі заманғы нысандарын ұйымдастыру бойынша тренингтер, семинарлар, мастер-класстар өткізу (ата-аналар жиналысы, «Аналарға арналған мектеп», «Әжелер мектебі», «Ата-аналарға арналған мектеп»)
2	Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтарының соңғы 3 жылдағы жетістіктері	2.1	Кәсіби шеберлік байқауларының (халықаралық/ республикалық/ облыстық және республикалық маңызы бар қалалар мен астананың) дипломдарының болуы
3	Эссе (500 сөзден артық емес)	3.1	Тақырыпты ашу. Өзінің зерттеу нәтижелерін пайдаланады
		3.2	Логикалық және дәйектілік, қорытындылардың болуы